

Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 28 сәуірдегі N 391

Аварияны азайту, көлік кешені жұмысының қауіпсіздігін арттыру, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен ведомстволарының көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі іс-әрекетін үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . 2 .

Ескерту. 1.2-тармақтар күшін жойды- ҚР Үкіметінің 2002.04.16. N 440 қаулысымен. P 0 2 0 4 4 0 _

3. Облыстар мен Ақмола және Алматы қалаларының әкімдері: көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі облыстық (қалалық) комиссиялар құрып, комиссия төрағасының функцияларын әкімнің орынбасары - төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық (қалалық) комиссияның төрағасына (лауазымы бойынша) немесе облыс (қала) әкімінің жол шаруашылығы және көлік мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктесін;

1998-1999 жылдардың ішінде көліктегі аварияны азайту, қала және поселке көше жүйелерін қайта жаңарту мен дамыту, жол қозғалысын реттейтін техникалық құралдарды тиісті жағдайда ұстау жөнінде шаралар кешенін әзірлесін және жүзеге асырсын;

көліктегі аварияны азайту, жол қозғалысын реттейтін техникалық құралдарды дамыту мен ұстау жөніндегі шараларды қаржыландыруды жергілікті бюджеттердің есебінен жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі: 1998-2000 жылдардың ішінде автомобиль жолдарын, жол құрылысының элементтерін, көпірлерді және басқа да инженерлік құрылғыларды тиісті жағдайға келтіру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеп, жүзеге асырсын; техникалық пайдалану ережелерінің пайдалану-техникалық талаптарына сәйкес жол шаруашылығының, техникалық және жасанды құрылғылардың, жылжымалы құрамның, темір жол көлігіндегі автоматика құралдарының жағдайын жақсартсын:

ұшу қауіпсіздігінің жай-күйіне әуе кемелерінің және аэродромдардың (әуежайлардың) техникалық жағдайына және пайдаланылуына бақылау жасасын.

5. "Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің

1996 жылғы 3 мамырдағы N 552

P960552_

қаулысының күші жойылған деп
танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 28 сәуірдегі
N 391 Қаулысына
қосымша

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.07.30. N 1082 қаулысымен.

P991082_

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.06. N 678 қаулысымен.

P000678_

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.28. N 1117 қаулысымен.

P011117_

Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету
жөніндегі ведомствоаралық комиссияның

ҚҰРАМЫ

Нұрқаділов

- Қазақстан Республикасы Төтенше

Заманбек Қалабайұлы жағдайлар жөніндегі агенттігінің
төрағасы, комиссия төрағасы

Бижанов - Қазақстан Республикасының
Нұрахмет Құсайынұлы Төтенше жағдайлар жөніндегі
агенттігі төрағасының бірінші
орынбасары, комиссия төрағасының
орынбасары

Белоног - Қазақстан Республикасының
Анатолий Александрович Денсаулық сақтау ісі жөніндегі
агенттігі төрағасының, Қазақстан
Республикасы Бас мемлекеттік
санитарлық дәрігерінің орынбасары

Жақыпов - Қазақстан Республикасының
Қабиболла Қабенұлы Көлік және коммуникациялар
бірінші вице-министрі

Донақов - Қазақстан Республикасының
Талғат Советбекұлы Әділет бірінші вице-министрі

Жұмағұлов - Қазақстан Республикасының
Бақытжан Тұрсынұлы Білім және ғылым бірінші вице-
министрі

Кесікбаев - Қазақстан Республикасының
Сұлтанғали Қабденұлы Қаржы министрлігі Мемлекеттік
органдарды қаржыландыру
департаментінің директоры

Құсайынов - Қазақстан Республикасының
Әбілғазы Қалиақпарұлы Көлік және коммуникациялар
министрлігі Автомобиль жолдары
комитетінің төрағасы

Мамин - Қазақстан Республикасының
Асқар Ұзақбайұлы Көлік және коммуникациялар вице-
министрі

Мырзабеков - Қазақстан Республикасының Ішкі
Нұркәрім Төлеутайұлы істер министрлігі Жол полициясы
комитетінің төрағасы

Мұсатаев - Қазақстан Республикасының
Мұрат Қабділжаппарұлы Табиғи ресурстар және қоршаған
ортаны қорғау вице-министрі

Оглов - Қазақстан Республикасының
Вадим Валерьевич Төтенше жағдайлар жөніндегі
агенттігі Төтенше жағдайларды
мемлекеттік қадағалау, техникалық
және тау-кен қадағалау жөніндегі
департаментінің директоры

Петров - Қазақстан Республикасының
Валерий Викторович Төтенше жағдайлар жөніндегі
агенттігі төрағасының орынбасары

Шәріпов - Қазақстан Республикасы Денсаулық
Қайтпас Шәріпұлы сақтау ісі жөніндегі агенттігі
Апаттар медицинасы орталығының
директоры

Адамова - Қазақстан Республикасы Төтенше
Алма Берікқожақызы жағдайлар жөніндегі агенттігінің бас
маманы, комиссия хатшысы

Асқаров Әлібек - Қазақстан Республикасының
Асылбайұлы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігі Мемлекеттік
баспагерлік бағдарламаларды
қалыптастыру жөніндегі
департаментінің директоры;

Жаңабаев Т.М. - Қазақстан Республикасының Көлік
жүргізушілері одағының орталық
кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)

Жапаров Е.М. - "Отан" қоғамдық бірлестігі орталық
комитетінің төрағасы

Молдажанов Р.К. - Қазақстан Кәсіптік одақтар федерациясы
төрағасының орынбасары (келісім
бойынша)

Мырзахметов А.И. - "Қазақстан темір жолы" РМК
директоры

Мырзахметов Асқар Исабекұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл
шаруашылығы вице-министрі

Ахметов Әшімжан Сүлейменұлы - Қазақстан Республикасының Білім
және ғылым вице-министрі

Бахмутова Елена Леонидовна - Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі Бюджет
департаментінің директоры

Қалқабаев Ержан Шойбекұлы - Қазақстан Республикасының Көлік
және коммуникациялар министрлігі
Көліктік бақылау комитетінің
төрағасы

Есмұқанов Кәрім Есмұқанұлы - Қазақстан Республикасы
Тұтынушылар кооперациясы одағының
басқармасы төрағасының орынбасары

Сабалақов Жұмағали Бекенұлы - Қазақстан Республикасы Қарулы
Күштерінің Бас әскери полиция
басқармасы әскери жол полициясы
басқармасының бастығы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 28 сәуірдегі
N 391 Қаулысымен
бекітілген

Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі
ведомствоаралық комиссия туралы
ЕРЕЖЕ

1. Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды әзірлеумен және іске асырумен, осы мақсаттарға бөлінетін қаражатты тиімді пайдаланумен байланысты мәселелер жөніндегі министрліктердің, ведомстволардың, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, меншік нысанына қарамастан, шаруашылық жүргізуші субъектілердің, ғылыми, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің қызметтік үйлестіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге арналған консультативтік-кеңесші үкіметтік орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметін мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырады:
көліктегі аварияның себептерін зерделеу мен талдау және жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу;

көліктегі аварияны азайту жөніндегі мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды, жобалар мен шараларды әзірлеу мен іске асыруға көмектесу;

ғылыми-техникалық әлеуметтің және олардың материалдық-техникалық ресурстармен және бюджеттік қаржыны дамытуға көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басым бағыттарына автомобиль және темір жолдарын, аэродромдарды (әуежайларды), теңіз және өзен порттарын, қалалар мен елді мекендердің көше жүйелерін салу мен қайта жаңарту бағдарламаларында, жылжымалы құрамның техникалық сипаттамаларын жақсартуда көліктегі қозғалысты реттейтін қазіргі заманғы техникалық құралдарды енгізуде, көлік құралдарын жүргізушілердің кәсіби деңгейін көтеруде, Жол полициясы департаментінің қызметкерлері мен көлік құралдарын жүргізушілерді жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуге үйретуде шоғырландыруға көмектесу;

Қазақстан Республикасының көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қолданылып жүрген заңдары мен нормативтік актілеріне тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды дайындауға қатысу;

министрліктердің, ведомстволардың және басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің және қоғамдық бірлестіктердің көлік оқиғаларының алдын алу және олардың зардаптарының

ауыртпалығын төмендету мәселелері жөніндегі жұмыс тәжірибелерін зерделеу, осы жұмыстың оң тәжірибесін тарату;

министрліктердің, ведомстволардың, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің, қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын талдау және көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша жергілікті, ведомстволық қызметтерге және қоғамдық бірлестіктерге жәрдемдесу мен көмек көрсету;

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы барлық жас деңгейіндегі халыққа жол қауіпсіздігі ережелерін оқытуға, жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі білімді насихаттауға жәрдемдесу;

көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі алдыңғы қатарлы шетел тәжірибесін зерделеу, көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің халықаралық ұйымдастырушылық тетіктерін енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау.

3. Комиссияның:

министрліктерден, ведомстволардан, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардан олардың көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қызметтерін бейнелейтін деректерді сұратуға және алуға;

министрліктерде, ведомстволарда, өзге орталық және жергілікті атқарушы органдарда, меншік нысандарына қарамастан, кәсіпорындарда және ұйымдарда көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша тексеру жүргізуді ұйымдастыруға;

өз мәжілістерінде министрліктердің, ведомстволардың, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі баяндамаларын және есептерін тыңдауға;

министрліктерге, ведомстволарға, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарға ведомствоға қарасты көліктерде қауіпсіздікті қамтамасыз етпейтін басшыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізуге;

тиісті министрліктердің, ведомстволардың, өзге де орталық және атқарушы органдар мен мекемелердің басшыларымен келісе отырып, көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты материалдарды дайындауға қатысу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы мәселелер жөніндегі қаулыларын министрліктердің, ведомстволардың, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың орындауын зерделеу мен талдау үшін білікті мамандарды тартуға;

көліктегі қауіпсіздікті арттыру мәселелері бойынша заң және үкімет актілерінің жобаларын, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық туралы шарттарды әзірлеуге қатысуға құқығы бар.

4. Комиссия өз жұмысын Комиссия төрағасы бекіткен жоспарға сәйкес жүргізеді.

Комиссия мәжілісі кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі. Комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді және олар ұсыным сипатында болады.

5. Комиссия жұмысын ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің аппараты жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің төрағасы (лауазымы бойынша) Комиссияның төрағасы болып табылады.